



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 23 сәуірдегі № 16-13-36 д/с

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қазақстан Республикасында ішкі туризмді дамыту мәселесіне қатысты депутаттық сауалдарыңды қарап, келесіні хабарлаймын.

Үкімет Қазақстан Республикасының туристендіру картасының басым аумақтарының үздік ондығына кіретін Баянауыл курорттық аймағын танымал ету және ілгерілету бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде.

Өздеріңізге белгілі, Мәшһүр Жүсіп, Мұса Шорманұлы және Бұқар Жырау кесенелерін жалғайтын автомобиль жолының жалпы ұзындығы 114 км.

Мәшһүр Жүсіп кесенесінен Мұса Шорманұлы кесенесіне дейінгі автомобиль жолының ұзындығы 84 км, оның ішінде асфальт төселген 73 км және қиыршық тас төселген 11 км құрайды.

Анықтама ретінде:

32 км «Қалқаман - Баянауыл-Үміткер-Ульяновск» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 181-213 км учаскесі (жақсы жағдайда) және 52 км «Алексеевка-Жаңажол» аудандық маңызы бар автомобиль жолының 0-52 км учаскесі өтеді, оның ішінде 41 км - асфальтбетон (қанағаттанарлық жағдайда), 11 км – қиыршық тас төселген (қанағаттанарлықсыз жағдайда).

Ағымдағы жылы қиыршық тас төселген жерлерге асфальтбетон төсеп, ұзындығы 11 км учаскені орташа жөндеу жоспарланған, жобаның жалпы құны 365 млн теңге.

Республикалық бюджетті бірінші нақтылау кезінде жобаны іске асыруға 124,3 млн теңге мөлшерінде алдын ала қаражат қолдау тапты, сондай-ақ Павлодар облысының әкімдігі жергілікті бюджеттен 241,3 млн теңге бөлуді жоспарлап отыр.

Мұса Шорманұлы кесенесінен Имантай және Әлима Сәтбаевтар мазарына дейінгі (10 км), одан әрі Кемал Ақышевтың туған жеріне дейінгі (10 км) және Бұқар Жырау кесенесіне дейінгі (10 км) автомобиль жолының ұзындығы 30 км

(Павлодар облысы – 26 км, Қарағанды облысы – 4 км) құрайды және жол төсемі жоқ (ауыл жолы).

Бүгінгі күні Павлодар және Қарағанды облыстарының әкімдіктері жоғарыда көрсетілген учаске құрылысына жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуде, ол ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында аяқталмақ.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Мемлекеттік ведомствоаралық жобалардың сараптамасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының оң қорытындысын алғаннан кейін Үкімет жоғарыда көрсетілген жобаларды қаржыландыру мәселесін қарайтын болады.

А. МАМИН

*орын.: М.Әмірбеков
тел; 74-59-46*